АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
БАЙҒАНІН АУДАНДЫҚ
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ
БӨЛІМІ

АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
БАЙГАНИНСКИЙ РАЙОННЫЙ
ОТДЕЛ ЭКОНОМИКИ И ФИНАНСОВ

030300, Ақтөбе облысы Байғанин ауданы
Қарауылкелді селосы, Д.Қонаев көшесі, №35а
Тел: 871345-79048 (ішкі: 1011)

030300, Актюбинская область Байганинский район
с.Карауылкельды, ул.Д.Конаева, №35а
Тел: 871345-79048 (внут: 1011)

« » 27. 03. 2026 жыл № 01-04/67 « » _____ 2026 года

Мерей и К» ЖШС-нің директоры
Т. Шәудірге

Мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы сіздің 2026 жылғы 19 наурыздағы № 283976 шағымыңызға сәйкес мыналарды хабарлайды:

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 25-бабының 2-тармағына және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасының 592-тармағына сәйкес бірыңғай ұйымдастырушы мәлімделген талаптар *(дәлелдемелер)* шегінде шағым жүргізді.

2026 жылдың 19 қаңтарында № 16032894-1 2026-2028 жылдарға Байғанин ауданының жергілікті маңызы бар 398,7 км автомобиль жолдарын күтіп ұстау жұмыстары бойынша ашық конкурс тәсілімен жарияланды. Сатып алу 1 лоттан құралған *(81913229-ОК1)* жалпы суммасы 227 758 620,67 *(ҚҚС-сыз)*. Өтінімдерді қабылдауды бастау мерзімі 21 қаңтар және аяқталу мерзімі 02 ақпан аралығында. Сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы – «Байғанин аудандық экономика және қаржы бөлімі» ММ-сі, Тапсырыс беруші – «Байғанин аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-сі.

Мемлекеттік сатып алудың конкурстық құжаттамасында материалдық және еңбек ресурстары төмендегідей негізінде біліктілік талаптары сұратылды.

Материалдық ресурстар: *каток кем дегенде 8 тонна саны-1 шт, аспалы кескіш саны-1 шт, 4*4 жалпы мақсаттағы доңғалақты трактор кемінде 5 тартқыш класс, аспалы қар тазалағыш жабдықтар жиынтығымен саны-1 шт, айналмалы шөп шабатын машина саны-1 шт, автогрейдер саны-3 шт, фронтальді тиегіш (жүк көтергіштігі 5 тоннадан кем емес) саны-3 шт, жүк көтергіштігі 10 тонна және одан жоғары самосвал саны-1 шт, жүк көлігі негізінде шнекороторлы қар тазалағыш саны-1 шт, жұмыс орны бойынша облыс шекарасындағы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тіркелген Қысқы кезеңде техникаға арналған жылы тұрақтары бар, жабдықты және персоналды орналастыруға арналған өндірістік база саны-1 шт, жолдарды патрульдеуге арналған автомобиль саны-1 шт.*

Еңбек ресурстар: *Жол жұмысшылары саны-10 адам.*

Ескеру: **Қағиданың 6-параграф. 72 тармағының 3 бөлігіне** сәйкес, егер мемлекеттік сатып алудың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар (ағымдағы немесе орташа жөндеуге, қалпына келтіруге, қолданыстағы объектілерді қайта өңдеуге, абаттандыруға, дамытуға байланысты емес жұмыстар) болса, әлеуетті өнім беруші осы қағидаларда айқындалған тәртіппен материалдық және еңбек ресурстарының иелігін растайды.

Сатып алуға 1 әлеуетті өнім беруші қатысуға өтінім берді. Ол: «Мерей и К» ЖШС. Конкурстық комиссия қағиданың 12-параграфты басшылыққа алып, біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сай келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында, веб-портал арқылы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарап, «Мерей и К» ЖШС-нің ұсынған құжаттары талапқа сәйкес емес деп танылып, комиссия мүшесінің шешімдері негізінде төмендегідей себептермен бас тартылды:

- Әлеуетті өнім беруші КГИ 188825 техникалық паспортында иесі «ҚазАгроҚаржы» АҚ болып табылады. «Мерей и К» ЖШС мен «Қазагроқаржы» арасында қаржылық жалдау шарты болуға тиіс. «Мерей және К» ЖШС меншік иесі болып табылмайды.

- УМДУ 80/82.02 щетка жабдығы тарту сыныбына 1,4 сәйкес. Ал, 1,4-орташа тарту қабілеті болып табылады. Талапқа сәйкес аспалы қар тазалау жабдығының жинағы кемінде 5 тарту сыныбы болуы тиіс.

- Көлік құралының тіркеу куәлігі 570AD04 тіркеу нөміріне сәйкес келмейді. Себебі, айырықша белгілерінде жүк көлігінің шнекороторлы қар тазалағышы көрсетілмеген. Конкурстық құжаттаманың біліктілік талабына сәйкес нақты жазылуы тиіс.

Қағиданың 212-тармағының 1-тармақшасына сәйкес конкурстық құжаттамаға 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуы және әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты қабылдаудан бас тартылды.

Алайда, 04.02.2026 жылы № 16783933 қорытынды хаттамасына сәйкес конкурсқа қатысуға бірде-бір әлеуетті қатысушы жіберілмегендіктен өтпеді деп танылды.

Мемлекеттік сатып алу 10.02.2026 жылы конкурс 2-рет қайта жарияланды. Өтінімдерді қабылдауды бастау мерзімі 11 ақпан және аяқталу мерзімі 17 ақпан аралығында. Сатып алуға 3 әлеуетті өнім беруші қатысуға өтінім берді. Олар: «Строй Сервис Плюс» ЖШС, «Компания газ монтаж сервис» ЖШС, «Мерей и К» ЖШС. Конкурстық комиссия қағиданың 12-параграфты басшылыққа алып, біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сай келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында, веб-портал арқылы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарап, барлық әлеуетті өнім берушінің ұсынған құжаттары талапқа сәйкес емес деп танылып, комиссия мүшесінің шешімдері негізінде әлеуетті өнім беруші «Мерей и К» ЖШС-не төмендегідей себептермен қабылдаудан бас тартылды:

- 06.01.2020 жылғы №1 жалдау шартында жалға беруші ЖК «Шәудір Т.Қ» арасында өзара шарт жасасқан. Жалдау шартының шарттың қолданылу мерзімі нақты көрсетілмеген. Қағиданың 76 тармағы сәйкес егер конкурстық құжаттамада материалдық ресурстардың болуы жөніндегі талап қамтылған жағдайда, онда мұндай талапқа сәйкестік материалдық ресурстардың меншік немесе жалға алу құқығын растайтын құжатпен жүзеге асырылады. Материалдық ресурстарды жалға алған жағдайда қосымша жалдау шартының электрондық көшірмесі ұсынылады. Бұл ретте, шарттар бойынша жалдау мерзімі конкурстық құжаттамада белгіленген қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау мерзімінен кем емес болу керек.

- Машинаның маркасы Sdlg LG 953 тиегіш, техникалық паспорттағы AKDD 592 нөмірлік белгісі меншік иесі «ҚазАгроҚаржы» АҚ болып табылады. «Мерей и К» ЖШС иесі мен «Қазагроқаржы» АҚ меншік иесінің арасында қаржылық жалдау шарты болуға тиіс.

- Еңбек ресурстарындағы конкурстық құжаттаманың біліктілік талаптарына сәйкес мамандық (біліктілік атауы) жол жұмысшылары көрсетілген. Алайда, қызметкерлердің мамандық (біліктілігінің) атауында басқа маман қызметкерлері ұсынылған. Конкурстық құжаттаманың біліктілік талаптарына сәйкес жол жұмысшыларының атауы нақты көрсетілуі тиіс.

Қағиданың 212-тармағының 1-тармақшасына сәйкес конкурстық құжаттамаға 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуы және әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде барлық әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты қабылдаудан бас тартылды. Алайда, 19.02.2026 жылы № 16990087 қорытынды хаттамасына сәйкес конкурсқа қатысуға бірде-бір әлеуетті қатысушы жіберілмегендіктен өтпеді деп танылды.

Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу 26.02.2026 жылы конкурс 3-рет қайта жарияланды. Өтінімдерді қабылдауды бастау мерзімі 27 ақпан және аяқталу мерзімі 04 наурыз аралығында. Сатып алуға 2 әлеуетті өнім беруші қатысуға өтінім берді. Олар: «Строй Сервис Плюс» ЖШС және«Мерей и К» ЖШС.

Конкурстық комиссия қағиданың 12-параграфты басшылыққа алып, біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сай келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында, веб-портал арқылы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарап, «Строй Сервис Плюс» ЖШС ұсынған құжаттары біліктілік талаптарына сәйкес емес деп танылып қабылдаудан бас тартылды және «Мерей и К» ЖШС ұсынған құжаттары біліктілік талаптарына сәйкес деп танылып, комиссия мүшесінің шешімдері негізінде рұқсат берілді. Алайда, 04.03.2026 жылы № 17137615 қорытынды хаттамасына сәйкес конкурсқа қатысуға әлеуетті өнім берушілердің екі және одан көп өтінімі ұсынылған жағдайда, егер конкурсқа, қатысуға бір әлеуетті өнім беруші жіберілсе, өткізілмеді деп танылады.

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу 11.03.2026 жылы конкурс 4-рет қайта жарияланды. Өтінімдерді қабылдауды бастау мерзімі 12 наурыз және аяқталу мерзімі 17 наурыз аралығында. Сатып алуға 2 әлеуетті өнім беруші қатысуға өтінім берді. Олар: «Компания газ монтаж сервис» ЖШС және «Мерей и К» ЖШС.

Конкурстық комиссия қағиданың 12-параграфты басшылыққа алып, біліктілік талаптарына және конкурстық құжаттама талаптарына сай келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында, веб-портал арқылы конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарап, «Компания газ монтаж сервис» ЖШС және «Мерей и К» ЖШС-нің ұсынған құжаттары біліктілік талаптарына сәйкес деп танылып, комиссия мүшесінің шешімдері негізінде рұқсат берілді. 18.03.2026 жылы № 17263336 қорытынды хаттамасына сәйкес жеңімпаз «Компания газ монтаж сервис» ЖШС айқындалды.

Жұмыстарды орындау үшін «Компания газ монтаж сервис» ЖШС конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес деп танылды.

Жалға алушы «Компания газ монтаж сервис» ЖШС 13.03.2026 жылғы №89 көлікті жалдау шарты жасалған. Алайда, техниканы жалға алу шартында жалға алу құны келісім бойынша деп көрсетілген. Яғни азаматтық кодекске сәйкес өзара келісім негізінде жүзеге асырады. Конкурстық құжатты қарау барысында техниканы жалға алу шартында жалға алу құны бірыңғай ұйымдастырушының конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау және қабылдаудан бас тарту негіздеріне жатпайды.

Әлеуетті өнім беруші «Компания газ монтаж сервис» ЖШС материалдық ресурстарға Автогрейдер ДЗ 143 гос номер AED010M және Навесная фреза на базе МТЗ 82 гос номер AHD127M техникасын ұсынды. Конкурстық құжаттаманың біліктілік талаптарында техниканың нақты сипаттамасы көрсетілмеген және біліктілік талапқа сәйкес келеді деп танылды.

Сондай-ақ, Урал 4310 гос номер M257CM көлік құралының тіркеу куәлігінің айрықша белгісінде шнекоротор атауы жазылған. Бұл техниканы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін шығарылған жылы міндетті емес және бірыңғай ұйымдастырушының конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау және қабылдаудан бас тарту негіздеріне жатпайды.

Әлеуетті өнім беруші «Компания газ монтаж сервис» ЖШС материалдық ресурстарға «Байганин Көлік» ЖШС шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін 02.02.2026 жылғы №27 тұрғын емес үй-жайларды жалдау шарты негізінде Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді а/о Қарауылкелді ауылы Барақ батыр көшесі №39 мекен-жайындағы өндірістік базаны жалға алған.

Сонымен қоса, конкурстық құжаттаманың 11-қосымшасына сәйкес меншік иесі *(құқық иесі)* туралы мәліметтер және жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін акт ұсынды. Бұл базаның жер учаскелерін мақсатты пайдалану: автокөлік кәсіпорнын орналастыру және қызмет көрсету үшін көрсетілген. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін өндірістік база біліктілік талаптарына сәйкес деп танылды және бірыңғай ұйымдастырушының конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудан бас тарту негіздеріне жатпайды.

Қорытындылай келе, әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа ұсынған құжаттары Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы негізінде қаралды.

Бұдан басқа, осы шешіммен келіспеген жағдайда, Сіз Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 100-бабының 6-тармағында белгіленген шағымды қарайтын органның шешімімен келіспеген жағдайда, әкімшілік актіге, әкімшілік әрекетке *(әрекетсіздікке)* шағымдануға құқылысыз.

Сондай-ақ, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 25-бабының 6-тармағына сәйкес дауларды реттеудің сотқа дейінгі тәртібі міндетті болып табылатынын хабарлаймын.

Бөлім басшысы **Т. Молдабеков**

С. Құлбатыр
☎:8/71345/79048 (ішкі:1027)
✉: Baig_econom@mail.kz